



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №30 (1896) 17 ШІЛДЕ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Құжат қабылдау қыза түсті


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясы білім гранттарын беруге құжат қабылдай бастады. Құжат қабылдау мерзімі 13-20 шілде аралығында өтеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қабылдау комиссиясының жұмысымен танысып, талапкерлерге сәттілік тіледі.



Білім гранттары конкурстық негізде нақты мемлекеттік білім беру бағдарламалары бойынша беріледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 600-ден астам білім беру бағдарламаларын ұсынады. Өткен жылмен салыстырғанда 22 пайызға артты. «Керемет» СҚО ғимаратында бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша 16 факультет құжат қабылдап жатыр. Құжат қабылдау Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бішкек қаласындағы (Қырғызстан) филиалында да жүзеге асырылады.

Талапкерлерге сәттілік тілейміз!



Газеттің форматы өзгеріп, штаты бекітіліп, каталогке енді

3-бет



«Рихлокаин» талай дертке дау

4-бет



Крупный ученый с мировым именем

6-бет

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік (IQAA Ranking) рейтингінде отандық ЖОО-лар арасында бірінші және үздік университет болып танылды.

ҚазҰУ – үздік деп танылды

Барлық индикаторлар бойынша ең жоғары балл жинай отырып, ҚазҰУ университеттегі білім және ғылым саласындағы көшбасшылардың бірі ретіндегі жоғары беделін тағы да растады.

Рейтингте ЖОО-лардың академиялық ресурстарының сапасы бойынша талдау, ЖОО-лар қызметінің сапасын сараптамалық бағалау, жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың әлеуметтік сауалнамасы мен студенттер арасында жүргізілген сауалнама қамтылған.

Сондай-ақ, IQAA Ranking нұсқасы бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының 2023 жылғы веб-сайттары рейтингінің қорытындысы бойынша ҚазҰУ еліміздің басқа жоғары оқу орындары арасында жетекші рөлге ие болды.

Орталық Азия білім интеграциясы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстандағы Қатар мемлекетінің елшісі Абдулазиз бен Сұлтан Джасем Маджид Әл-Румейхимен кездесіп, әріптестік қатынастарды одан әрі арттыру бойынша пікір алмасты.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ташкент қаласында өткен

«Орталық Азия жоғары білім берудің келесі орталығы ретінде» атты халықаралық конференциясына қатысты.

Өзбекстан астанасында өтіп жатқан ауқымды іс-шараға мемлекет қайраткерлері, университет ректорлары, Орталық Азия елдерінің жоғары білім беру саласындағы көрнекті ғалымдары мен танымал сарапшылары жиналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың баяндамасы биыл 95 жыл болатын Қазақстандағы жоғары білім беруді дамытуға арналды.

Өзара тиімді серіктестік аясында ҚазҰУ-дың Өзбекстан Республикасымен – 18, Қырғыз Республикасымен – 9, Тәжікстан Республикасымен – 5 және Түрікменстан Республикасының 2 университетімен ынтымақтастық туралы өзара келісімдері бар.

«Орталық Азия жоғары білім беру хабына айналуға ұмтылуы тиіс. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өз тарапынан барлық ұсыныстарды қабылдауға ашық және өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі халықаралық ынтымақтастық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестерімізге барынша көмек көрсетуге дайын», – деп сөзін аяқтады ҚазҰУ ректоры.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Алтай университетімен серіктестік жалғасады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Алтай мемлекеттік университетінің президенті Сергей Землюковпен кездесті.



стратегиялық маңызы бар мәселе болып табылады. 2022 жылы ҚазҰУ базасында құрылған МИФИ филиалы табысты жұмыс істеуде, өзара тиімді серіктестік жалғасатынына және жақсы нәтиже беретініне сенімдімін», – деп атап өтті Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде Алтай мемлекеттік университетінің президенті Сергей Землюков өзі қызмет ететін уни-

верситет туралы баяндап берді. Сондай-ақ келісімдер шеңберінде ҚазҰУ-мен бірқатар бірлескен жобаларды, атап айтқанда: «Музеология және табиғи-мәдени мұраны қорғау» бірлескен білім беру бағдарламасын және «Үлкен Алтай» ғылыми-білім беру жобасын бірлесе отырып жүзеге асыратынын атап өтті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті ректорының ғылыми жұмыс жөніндегі кеңесшісі, белгілі ғалым, философия ғылымының докторы, профессор Нұр Қирабаевпен кездесіп, әріптестік қатынастарды одан әрі арттыру бойынша пікір алмасты.

Ректор ресейлік ғалыммен кездесті

«Біз білім мен ғылым саласында Ресей ЖОО-ларымен серіктестікті одан әрі дамытуға дайынбыз. Ресей халықтар достығы университетімен бірқатар білім беру бағдарламалары бойынша тығыз әріптестік орнатқанбыз. Бүгінде өзіңізбен бірге философия мамандығы бойынша қосдипломдық бағдарламамен білім алған түлектерге диплом тапсырғалы отырмыз. Ары қарай да ынтымақтастығымызды күшей-

те беруіміз керек», – деді ректор өз сөзінде.

Өз кезегінде Ресей халықтар достығы университетінің профессоры Нұр Серікұлы университет ректорына алғысын білдіріп, аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ кездесу барысында философия мамандығы бойынша қосдипломдық бағдарламамен магистратурада білім алған түлектерге диплом табысталды.



Қоғамдық кеңес отырысы өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қоғамдық кеңес құрылып, алғашқы отырысын өткізді.



ның докторы Мұсабек Әлімбаев, әділет генерал-майоры Мұхтар Жөргенбаев, медицина ғылымының докторы, профессор Мырзақерім Алшынбаев, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің экс-төрағасы Алик Шпекбаев, ҚР Президенті іс басқармасының бұрынғы орын-

басары Әнуарбек Арғынғазин, суретші, қоғам қайраткері Ерболат Төлепбай, Алматы облысының экс-әкімі Амандық Баталов, Ректор кеңесшісі, профессор Еркін Дүйсенов және ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаевтар бар.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Ақтық демі үзілгенше өз ісіне адалдық танытты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Мемлекеттік сыйлықтың иегері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбдеш Тәшкенұлы Төлеубаевты ақтық сапарға шығарып салды.



Қоштасу рәсімінде оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың көңіл айту хаттары оқылды.

«Әбдеш Ташкенұлының бүкіл саналы ғұмыры Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тікелей байланысты. Ол – қазақ археологиясы мен этнографиясының дамуына айрықша үлес қосты. Әбдеш Тәшкенұлы зерттеген «Шілікті алтын адамы» еліміздің ғана емес, әлемнің тарихи-мәдени мұрасының алтын қазынасына айналды. Ғалымның соңғы жылдардағы археология саласын-

дағы ғылыми жетістіктері әлем назарын ілікті. Әбдеш Тәшкенұлының археологиялық қазбасынан табылған жәдігерлердің Мәскеуде, Кембрижде, Қазанда өткен халықаралық көрмелерге қойылды. Әбдеш Тәшкенұлы мықты ғалым ғана емес, керемет ұстаз бола білді. Өткен жылы жиған-терген тәжірибесін жастарға үйретсін деген оймен Археология және антропология институтын ашып бергенбіз. Ақтық демі үзілгенше сол институтты басқарып, шәкірттерімен бірге экспедицияға шығып, өз ісіне адалдық танытты, – деп атап өтті ҚазҰУ-дың ректор Жансейіт Түймебаев.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Орталық Азияны зерттеу мектебін қалыптастырған еді...

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ғалым, дипломат Мұрат Тұрарұлы Лаумулинді ақтық сапарға шығарып салу шарасы өтті.



ғылымда әлемдік геосаясаттағы Орталық Азияны зерттеудің жаңа мектебін қалыптастырды және дамытты. Қазақ ұлттық университетінде дәріс беріп, халықаралық қатынастар факультетіндегі әріптестерімен бірге халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына белсене қатысты.

«Мұрат Лаумулиннің еңбек жолы сан қилы. Ғылыми-сараптамалық

құрылымдарда, жоғары білім саласында тер төгіп, ҚР Сыртқы істер министрлігінде жауапты қызметтерде болды. Әрдайым жоғары біліктілігі, зиялылығы мен адамдарға деген ілтипаттылығымен ерекшеленді. Осы жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады», – деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Гүл БАЯНДИНА

Мұндағы мақсат – университет өміріндегі өзекті мәселелер бойынша консультативтік, ақпараттық және әдістемелік көмек көрсету. Сондай-ақ оқу орнының негізгі даму бағыттары мен әлеуметтік инфрақұрылымы бойынша ұсыныстар әзірлеп, Ғылыми кеңес талқысына енгізу.

Қоғамдық кеңес құрамына көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері шақырылған. Атап айтсақ, Қазақстан Жоғарғы сотының экс-төрағасы, заң ғылымы-

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің профессоры Есенқол Әлияров қаралы жиынды ашып, Басқарма Төрағасы – ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевқа сөз берді. Университет басшысы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің көңіл айту жеделхатын оқып, отбасына табыстады.

ҚазҰУ ректоры белгілі қазақстандық ғалым және дипломат Мұрат Лаумулиннің есімі Қазақстанда ғана емес, көптеген шетелдерде де кеңінен танымал екенін атап өтті.

Саяси ғылымдар докторы Мұрат Лаумулин қазақстандық

«Елімізде фармацевтикалық нарықты дамытуға қабілетті тамаша ғалымдар бар, олардың ойлап тапқан тиімді өнімдері көпшіліктің аузында жүр. Әйтсе де мемлекет пен жеке сектор мүддесі қажет деңгейде болмағандықтан, отандық дәрі-дәрмек өндірісі еңсесін тіктей алмай келеді. Қазір ішкі нарықтағы өнімнің 70-80 пайызы сырттан келеді. Бұл – мемлекеттік деңгейде ойланатын келелі мәселе», – дейді химия ғылымының докторы, профессор міндетін атқарушы Күнназ Мырзағұлова.

«Елімізде фармацевтикалық нарықты дамытуға қабілетті тамаша ғалымдар бар, олардың ойлап тапқан тиімді өнімдері көпшіліктің аузында жүр. Әйтсе де мемлекет пен жеке сектор мүддесі қажет деңгейде болмағандықтан, отандық дәрі-дәрмек өндірісі еңсесін тіктей алмай келеді. Қазір ішкі нарықтағы өнімнің 70-80 пайызы сырттан келеді. Бұл – мемлекеттік деңгейде ойланатын келелі мәселе», – дейді химия ғылымының докторы, профессор міндетін атқарушы Күнназ Мырзағұлова.

Күнназ Баймұханқызы 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін тамамдаған. Одан кейін университеттің аспирантурасына түсіп, ғылымның даңғыл жолына бет бұрды. Содан бері ұзақ жыл қара шаңырақ білім ордасында қызмет етіп, студенттерге білім берді. Шәкірт тәрбиеледі, «ғалым боламын» деген талай жастың ғылымдағы «тұсауын кесті». Содан кейін өзі ғұмырын арнаған ғылымдағы ізденістерінің нақты нәтижесін өндірісте көргісі келіп, осы салаға ауысты. Өндірісте жүргенде де ғалым отандық дәрі-дәрмек нарығын дамытуға бар күш-жігерін жұмсады. Бұл салада маман тапшы екені бәрімізге аян, ұстаз-ғалым өзі де үйрене жүріп, қазақтың қаншама жасын осы салаға баулады.

1954 жылы Күнназ Баймұханқызының ғылыми жетекшісі Ахметжан Шәріпқанов «Рихлокаин» деген дәрі ойлап табады. Қылышынан қан тамып тұрған кеңес заманында дәрі-дәрмек

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Мемлекеттің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша, отандық дәрі-дәрмек көлемі 20 пайыздан кем болмауға тиіс. Ал біздің елде бұл көрсеткіш 7-10 пайыз аралығында.

жасап шығару, оны түрлі сынақтан өткізу оңай емес-тін. Өндіріске енгізіп, нарыққа алып шығу туралы әңгіме қозғауға мұрша да берілмейтін сұрқай заман еді. Осындай қолайсыздау кезеңде «өмірге келген» «Рихлокаиннің», сөйтіп, әу баста жолы болмады. Сол жатқаннан ұзағынан қырық жыл жатты. Алайда ұстазы Ахметжан Шәріпқанұлы мен Күнназ Мырзағұлова түбі бұл өнімнің бағы жанып, тағдыры оң шешілетініне сенді. Сөйтіп, ҚазҰУ қабырғасында зерттеу жұмыстарын жалғастыра берді. Табандылықпен жұмыс істеді. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін алғашқы қадамдар жасала бастады. Бұл кезде Күнназ Баймұханқызы жобаның белді мүшесі еді. Ғылыми жетекшімен бірге жоба мүшелері де күндіз-түні дамылсыз жұмыс істеді. Мұны көріп жүрген кейбір әріптестерінің «Қырық жыл зертханада жатқан дәрінің кімге керекі бар, несіне ақ тер, көк тер бола-сыздар?» дегені де есінде.

Ол кезде елімізде зертхана, сынама дегеннің алғышарты болмағандықтан, салалық мамандар жетіспегендіктен, бастапқы сынақ Арменияда, одан кейін Ресейде жасалды. Анығында, теріскейдегі көрші елдің Анжеро-Судженск фармацевтикалық зауытында сыналды.

«Рихлокаин» талай дертке дауа



«РИХЛОКАИН» ҚАНДАЙ ӨНІМ?

Күнназ Баймұханқызының айтуына қарағанда, «Рихлокаин» өкпе дертіне, ұйқы безі ауруларына таптырмайтын ем. Медицина тілінде оны анестетик дейді. Зерделі ғалым «Ромат» компаниясында жұмыс істей жүріп, өнертабысты идеядан практикаға енгізуге дейінгі процесте баға жетпес тәжірибе жинады. Әсіресе номенклатура таңдау, тәжірибелік-өнеркәсіп алаңын құру, технологияны трансферлеу, өндіріске енгізу, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер жүргізу, сынақ мониторингін жасау, клиникалық сынақ хаттамаларын, нұсқаулықтар

әзірлеу, дәрілік заттарды құжаттау және тіркеу ісіне жетекшілік жасау бойынша мол тәжірибе жинақтады. Мысалы, басшы ретінде сол кезде қатты күйдегі 50-ден астам дәрілік заттарды (таблеткалар, капсулалар, инфузиялық ерітінділер) жасап, өндіріске енгізді. Соның ішінде туберкулезге қарсы дәрі-дәрмектер әзірленіп, клиникалық тәжірибеге енгізілді. Негізгі (9) және резервтік сериялардың (4), оның ішінде балалар формаларының (4) препараттары болды. Сол дәрілер 2007 жылдан бері медициналық мекемелерге қолданысқа жөнелтіліп, жоғары тиімділігі мен қауіпсіз екенін айғақтады.

Осы дәрі-дәрмек түрлерінің басында біз сөз етіп отырған «Рихлокаин» тұрғанын Күнназ Баймұханқызы мақтанышпен айтады. Соңғы кездері оның құрамы жетілдірілді. Түрлі сынақтарда оң нәтиже көрсеткен. Анығында, «Рихлокаинді» онкологиялық тәжірибеде қолдануды 2000 жылы Ростов онкологиялық орталығының онкологтері зерттеген. Ол науқастардың иммунитетін емдеп, метаболикалық бұзылысты түзетеді. Яғни онкологиялық науқастарды (3-кезеңде) емдеуге ықпал ететін ағзаның қорғаныс жүйесін белсендіреді,

4-кезеңде өмірді бес жылға ұзартады. Өкінішке қарай, субстанцияның өндірілмеуі салдарынан емдеу әдісі қолданысқа енгізілмеді. Олар өнімді Қытайда, сондай-ақ Ресейде шығаруға тырысуда, алайда алғашқы қадам әзірге сәтсіз.

Кейбір медицина мекемелері оны құрт ауруына (туберкулез), онкология дертіне қарсы пайдалана бастаған. Оны қолданған науқастар аз уақыттың ішінде өзін жақсы сезініп, денсаулығы жақсарған. «Сондықтан өнімге нарықта сұраныс бар. Тіпті шетелдіктер, оның ішінде Үндістан елінің компаниялары тапсырыс беруге дайын отыр», – дейді жоба авторы Күнназ Мырзағұлова. Өнім авторының айтуынша, мәселен, туберкулез дертіне шалдыққан науқастың жанама кеселдері міндетті түрде болады. «Рихлокаин» сол жанама дерттерді емдеуге де ықпалды. Осындай дертке шипа беретін өнімнің әзірше жоба күйінде жатуы, әрине, жанға батпайды емес, батады. Күнназ Баймұханқызы енді жобаны коммерцияландыру мәселесін қолға алмақшы. «Сабақ беруден, қағазбастылықтан бас көтере алмай қалдым. Жасым да біразға келіп қалды. Бәлкім, 0,25 жүктемеге көшіп, өнімді өндіріске енгізу мәселесімен айналыссам деген ойым да жоқ емес», – дейді ғалым бізбен әңгімесінде.

Қалай болғанда да, қоғам тарапынан үлкен сұранысқа ие жобаға қолдау керек-ақ. «Бұйырса, келер жылы ҚазҰУ атынан байқауларға қатысуға бел буып отырмыз», – дейді ғалым-ұстаз Күнназ Мырзағұлова.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Өнімді дамыту және басқару қауымдастығы (PDMA) бастапқы тұжырымдамадан нарыққа енгізуге дейін жаңа өнімді әзірлеуге қанша уақыт кететінін зерттеген. Жаңа өнімдерді әзірлеу жобаларын зерттеушілер инновациялық дәрежесі бойынша «радикал жобалар», «инновациялық жобалар», «инкрементал жобалар» деп үш топқа бөлген. Орта есеппен алғанда, инкрементал жобаларға идеядан нарыққа енгізуге дейін 33 апта қажет екен, инновациялық жобаларға 57 апта, ал радикал өнімдер мен технологияларды дамытуға өте көп уақыт жұмсалатын көрінеді, оған орта есеппен 82 апта керек.

VOLT командасының жаңа жобасы

ҚазҰУ студенттері Күн энергиясын өндіруді бақылауға арналған VOLT бағдарламалық жүйесін әзірледі. Бұл стартап жоба Күннен алынатын энергияны арттыруға бағытталған.

Анығында, VOLT бағдарламасы панельдерді Күн энергиясының түсуіне қарай оңтайлы орналастыруға бағыттайды. GPS технологиясы қолданылатын бұл жүйе әлемдегі бүгінгі энергетикалық дағдарыс қаупі жағдайында аса өзекті.

«Біздің өнертабысымыз кез келген жерде күн сәулесі түсетін «көтерілу бұрышы бар» деген қағидаға негізделген. Біз осы стартаптың сұранысқа ие болатынына көз жеткіздік. Өткен жылдың желтоқсанында еліміздің энергетикалық жүйесінде

өнім тұтынудың айтарлықтай өсімі байқалды. 2022 жылы 7 желтоқсанда ел тарихында тұтынудың абсолютті өлшемі 16 459 мегаватт болып тіркелді. Ал отандық электр стансаларының жиынтық генерациясы тек 15 203 мегаватт, яғни тапшылық Ресейдің электр жүйесінің жоспардан тыс ағындары есебінен өтелді. Қазақстандықтар энергияны дүниежүзіндегі орташа деңгейден екі есе және Еуропалық одақ елдеріндегіден әлдеқайда көп тұтынады», – дейді жоба авторларының бірі, Эко-



номика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті Асан Әбдірахым.

Жобадан күтетін нәтиже – Күн көзінен барынша қуат алу. Ал

жаһандық миссиясы – еліміз бен әлемнің таза жасыл энергияға көшу процесін жеделдету. Қазір бағдарламалық жүйе тәжірибелік күн панельдерінде сыналуда.

Жас ғалымдар биыл осы жобаға қосымша жел генераторының параметрлерін қарастыруға мүмкіндік беретін компьютерлік модель құруды жоспарлап отыр. Мұндағы мақсат – турбиналардың қуат коэффициентін арттыру. Бұл бағдарламалық кешенді виртуалды зертхана құру үшін пайдалануға жол ашады.

Өнертапқыш жастар үш жыл ішінде Қазақстанда, сондай-ақ Орталық Азияда күн мен жел энергиясын алу ісін барынша арттыру үшін технологиялар ұсынатын жетекші компания болуды мақсат етеді.

VOLT командасының ғылыми жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі бар. Бұған дейін студенттер Battery Recycling – литий аккумуляторлар мен батареяларды утилизациялаудың заманауи технологиясы стартапымен айналысқан.

Гүлзат ТАБЫН

Крупный ученый с мировым именем

В настоящее время процесс интернационализации высшего образования становится составной частью образовательной политики Казахстана. В связи с развитием процессов глобализации и интернационализации экономики и бизнеса, высшее образование выдвигает необходимость подготовки профессиональных специалистов, способных продуктивно работать в изменяющихся условиях глобального рынка. Для формирования конкурентоспособности и повышения привлекательности казахстанских вузов одной из главных задач университета является привлечение зарубежных профессоров к чтению лекций, разработка предпосылок формирования гражданина мира путем привлечения иностранных студентов к чтению. Один из визитинг-профессоров, ученый с мировым именем доктор биологических наук, профессор Орегонского национального исследовательского центра приматов, профессор Центра стволовых клеток США Шухрат Миталипов с прошлого года читает лекции в КазНУ имени Аль-Фараби.



Лекции одного из самых влиятельных ученых мира, возглавляющего Центр эмбриональной клеточной и генной терапии при Орегонском университете здоровья и науки в Портленде, пионера многих исследований по ядерной трансплантации Шухрата Миталипова студенты всегда слушают с большим интересом. На его лидерской лекции присутствовали профессорско-преподавательский состав университета, студенты Факультетов Биологии

и биотехнологии, Химии и химических технологий, Медицины и здравоохранения, а также ученые Научного центра противоинфекционных препаратов «НИИ проблем биологической безопасности», Института генетики и физиологии, Института молекулярной биологии и биохимии им. М.А.Айтхожина, НПЦ микробиологии и вирусологии и др.

Шухрат Миталипов уроженец Алматы. Окончил Тимирязевскую сельскохозяйственную Академию

в Москве, а затем аспирантуру Медико-генетического научного центра РАМН, далее защитил докторскую диссертацию в Институте генетики человека Медико-генетического научного центра Академии медицинских наук РФ. Ему удалось добиться поразительных результатов в науке. Шухрат Миталипов и его сестра Майя разработали методику лечения наследственных заболеваний путем замены дефектной материнской ДНК на здоровую донорскую, испытываемой на десятке макаков. По сути, они были

первыми, кто «отредактировал» геном человеческого эмбриона. Ранее именно в лаборатории Орегонского университета здоровья впервые был опробован метод зачатия «ребенка от трех родителей», который также позволяет избавиться от некоторых генных заболеваний. – Я живу в США с 1995 года. В настоящее время являюсь директором Центра Генной и Клеточной терапии в Орегонском университете. Это медицинский университет, считается одним из самых крупных предприятий в

штате Орегон. У нас более 20 тысяч сотрудников. В целом это комплекс, в который входит приблизительно половина всех госпиталей в штате. Кроме этого есть факультет, который готовит медиков. А третья часть комплекса – это ряд НИИ и научных центров. Один из научных центров мы создали в 2010 году, который в основном занимается разработкой генной клеточной терапией, именно на половых клетках. Поэтому нас выделили отдельно, и мы напрямую подчиняемся президенту университета. В наш Центр входит 6 лабораторий и ЭКО-клиника. Основное наше направление – перепрограммирование соматических клеток, гаметы и эмбрионы клеток, – говорит ученый, – Я очень рад сотрудничать с флагманским университетом Казахстана, который находится в моем родном городе, также мы с ректором договорились создать здесь казахско-американский совместный научный центр.

Профессор Шухрат Миталипов входит в первую десятку крупных ученых мира. Он хочет поделиться с нашими учеными о своих проектах и проводимых исследованиях, основными тенденциями медицинского геномного редактирования зародышевой линии человека.


Каиржан ТУРЕЖАНОВ

Профессия инженер-метеоролог

С давних времен люди интересовались погодой: почему происходят те или иные изменения в атмосфере? Вели дневники наблюдения природных явлений, пытались прогнозировать их. Зависимость человечества от погоды настолько глубоко уходит корнями в прошлое, что в древних историях имеются рассказы о наводнениях, которые разрушали целые селения или засухах, приводящих к голоду и гибели целых народов на Земле. Стремление людей прогнозировать, в том числе и природные явления, по мнению ученых, и явилось одной из движущих сил развития и эволюции человечества на Земле.

Поскольку человек постоянно ощущает изменения погоды, то и попытки предсказать погоду предпринимались давно. Объяснять и предсказывать поведение атмосферы требовала практическая деятельность людей. Попытки научно обоснованного прогноза погоды начались лишь в XVIII в. после изобретения измерительных приборов и открытия физических законов.

Изменение атмосферы, а отсюда и погоды, определяют динамические и физические процессы, протекающие в атмосфере, а также взаимодействие атмосферы с примыкающей средой: поверхностью суши, океана и льда. Наибольшее значение имеют прогнозы погоды для обеспечения безопасности людей. Единственная возможность снизить ущерб от разрушительного воздействия опасных погодных явлений – это изучать



природу их возникновения и прогнозировать их.

Единственной в Республике, осуществляющей подготовку специалистов-метеорологов является кафедра метеорологии и гидрологии Казахского национального университета им. Аль-Фараби. Кафедра метеорологии открыта 1 сентября 1962 года. Первым заведующим кафедры метеорологии была к.ф.м.н., доц. Коженкова З.П. Первый набор студентов по специальности «Метеорология» произведен в 1960 году, первый выпуск инженеров-метеорологов состоялся в 1965 году.

В связи с прошедшими структурными изменениями в Казахском национальном университете им. Аль-Фараби с сентября 2011 г. на факультете географии и

природопользования организована новая кафедра – кафедра метеорологии и гидрологии. Она образована на базе слияния кафедр метеорологии и гидрологии суши. На кафедре работает учебно-лабораторный метеорологический центр (УЛМЦ), который включает в себя: учебную метеорологическую станцию, учебные лаборатории по метеорологии и радиометеорологии и климатических изменений, центр системы дистанционного обучения (СДО) для национальных гидрометеорологических служб Центральной Азии (НГМС ЦА), гранта Всемирного банка.

Метеорологи работают на метеорологических станциях и постах, в научно-исследовательских подразделениях Казгидро-

мета, Минобороны и Казселезащиты, Казэронавигации и Института Географии. Также метеорологи работают в частных компаниях, обеспечивающих прогнозами авиацию, сельское хозяйство, строительство.

Подготовка высококвалифицированных инженеров метеорологов это важнейшая задача кафедры метеорологии и гидрологии. Составление прогнозов погоды это наиболее сложное направление, которому уделяется большое внимание на кафедре. В настоящее время преподавателями кафедры читаются следующие курсы на русском и казахском языках: авиационная метеорология, метеорология и климатология, радиометеорология, аэрология, экологические проблемы в гидрометеорологии, гидрометеорологический мониторинг, ГИС в метеорологии, загрязнение и охрана атмосферы, долгосрочные прогнозы погоды, климатология, общая циркуляция атмосферы и долгосрочные прогнозы погоды, общая метеорология, динамическая метеорология, современные статистические методы в метеорологии, структура цикло- и антициклогенеза в Северном полушарии, физическая метеорология, оптика и атмосферное электричество, физика облаков и осадков, актуальные проблемы агрометеорологических прогнозов, физика верхних слоев атмосферы, синоптическая метеорология, региональная синоптическая метеорология, методы климатической обработки, специальные методы прогноза пого-

ды, специальные методы прогноза погоды для авиации).

Преподаватели кафедры вместе со студентами ведут научную работу по исследованию закономерностей формирования, распределения и динамики опасных метеорологических явлений и процессов на территории Республики Казахстан, которые могут привести к значительным убыткам в отраслях экономики, а иногда и к чрезвычайным ситуациям. Исследования затрагивают широкий спектр вопросов: от изучения условий формирования некоторых опасных явлений погоды – гроз, конвективной облачности, сильных ветров, экстремальных температур и осадков – до решения прикладных задач, например оценки потенциала загрязнения территории Казахстана, тенденции изменения климата, доступного потенциала солнечной энергии; исследования термического режима и особенностей макроциркуляционных условий, формирующих поля экстремальных температур воздуха, экстремальных осадков в Казахстане; анализ ветрового режима в нижнем слое атмосферы. Исследование проблем общей циркуляции атмосферы на территории республики, приводящих к возникновению опасных явлений погоды. Научная работа кафедры всегда проходит в тесном взаимодействии с научными и производственными подразделениями Казгидромета.

Гульнар ОРАКОВА,
ст. препод кафедры
Метеорологии и гидрологии

It is always a big challenge to study abroad. But I know from my experience that studying abroad has a lot of advantages. First of all you will have a valuable CV informing that you had an excellent opportunity to enrich your knowledge in your specialty at foreign educational institution and receive the diploma from the University abroad, that you are a well-travelled person, that you studied not only your subject but also a language and culture that you have never known before.

My Afghani students



In an academic year 2022-23 I was really happy to have in my English class two students from Afghanistan: Reza and Mohamad. They were one of highly-motivated, very intelligent and diligent

learners in my class. What I mostly liked about them was that they studied the English language with special enthusiasm and interest. One of their best qualities of their character was their special

responsible and conscientious attitude to their educational activities. As a rule, when I have students from abroad I always ask them to write a story about themselves. This is Reza's story:

I am Reza Joia from Bamian province of Afghanistan. Before coming to study in al-Farabi I was a lecturer in the Chemistry Department of the Nimruz Higher Education Institute. It was my strong desire to further my education and continue my studies in the field of chemistry. After researching various universities across the world, I chose Al-Farabi Kazakh National University, or KazNU, for accomplishing my master degree. There were several

reasons why I chose KazNU over other universities.

Firstly, KazNU is one of the best universities in the world, with a reputation for excellence in education and research. It has a highly qualified faculty and state-of-the-art facilities, which makes it an ideal place to study and conduct research. Secondly, I was fortunate to receive a scholarship through the Bologna Process to study at KazNU. This scholarship provided me with the financial support needed to pursue my master's degree and made it possible for me to attend one of the best universities in the world.

Thirdly, I found KazNU to have a proper condition for conducting and doing research projects. As a

chemistry student, research is an integral part of my education, and the facilities available at KazNU are well-suited for conducting research projects. Lastly, I chose to study in the field of analytical chemistry because it is an applicable branch of chemistry, and it aligns with my previous education. I believe that the knowledge and skills I will gain through this program will allow me to contribute to the development of new and innovative technologies, which will have a positive impact on society.

In conclusion, I'm really happy that KazNU has provided me with an exceptional opportunity to further my education and achieve my academic goals. The university's reputation for excellence, the scholarship, the research facilities available, and the applicability of the field of study has made KazNU the ideal choice for gaining my master's degree in chemistry.

A.A.MULDAGALIYEVA

Abai: "He was vain, a vain ambitious man" (Iskander)

In the creative heritage of Abai there are poems "Iskander", "Masgut", and "Azim". These poems have contributed a lot to the development of the lyric and epic genre in Kazakh literature. Outwardly, Abai's poems resemble the samples of poetry that are widespread in the East, in the spirit of the literary tradition – nazirs (development or continuation of the theme sung by predecessors). However, the ideological and artistic content of Abai's works goes beyond the scope of Nazirs: here the great poet is independent of oriental patterns.

The year of creation of "Iskander" is unknown, but judging by the main message of the poem it is possible to assume that Abai was already in his adult years. We presume that before creating the poem "Iskander" Abai very profoundly studied historic literature about the Greek war lord Alexander Macedonian. In this poem, he describes one of the episodes of his military campaign.

Alexander the Great was a king of Macedonia who conquered an empire that stretched from the Balkans to modern-day Pakistan. He is considered one of the greatest minds in history who created an invincible army, which never lost a battle. "He had great charisma and force of personality but his character was full of contradictions, especially in his later years (his early thirties). However, "he had the ability to motivate his army to do what seemed to be impossible".

He was charismatic and ruthless, brilliant and power-hungry, diplomatic and bloodthirsty.

The poem begins with:

What do Kazakhs know about Iskander,
The son of Philip, King of Macedon?
Both strength and courage had Iskander
But he was vain, a vain ambitious man.
King Philip died. His son then twenty-one
Ascended to the throne and

was crowned king.

The first six lines correlate with the following historical data: Alexander was born in 356 BC in Pella, the capital of the Kingdom of Macedon. He was the son of the King of Macedon, Philip, and his fourth wife, Olympias. He got a good education. When he was 13, his father hired the Greek philosopher Aristotle to be Alexander's personal tutor. During the next three years, Aristotle gave Alexander training in rhetoric and literature and stimulated his interest in science, medicine, and philosophy, all of which became of importance in Alexander's later life. When in 336 BC King Philip died (he was assassinated), Alexander was proclaimed the king.

Obsessed by lust for power, thereupon
He laid his plans for his labour's

lands to seize.

As soon as Alexander ascended to the throne, he immediately started to fulfill his

ambitious plans to conquer the world and during his short life, of 33 years, he created the huge Empire, which extended from East Macedonia and Thracia to the North West of India including Persia, Egypt, Syria and North East of India. The conquest of all territories took place through merciless bloodshed, destruction, and violence, which Alexander's army brought to the local nations. In the poem, we read the following lines:

Much blood he shed,
whole nations he wiped out
Seized towns and citadels,
and kings dethroned.

He conquered all the lands around Macedonia and flooded them with their own people's blood. He made his laws; he subjugated all and ruled them with a cruelty unheard. In historical manuscripts, there are many facts pointing to the cruelty and bloodthirstiness of Alexander. As the proof may serve the following lines from the historical data:

"When the walls finally gave in, the Macedonians poured their anger over the city defenders - 7,000 people were killed, and 30,000 were sold as slaves. Alexander entered the temple of Melcart and had his sacrifice. The Macedonians stormed the city, killing everyone in sight, women and children included. 6,000 Theban citizens died and 30,000 more were sold as slaves.

Balkan campaign: the resistance was useless, as the city was razed to the ground amid great bloodshed, and its territory was divided between the other cities. The end of Thebes cowed Athens into submission, leaving all of Greece at least outwardly at peace with Alexander.

In Egypt: When Gaza was taken, the male population was put to the sword and the women and children were sold into slavery.

Syria and Levant: After the capture of Tyre, Alexander crucified all the men of military age, and sold the women and children into slavery.

In the history of Alexander's military actions, there is an episode of marching of his troops through the Gedrosian desert. 60-day march through the desert was disastrous for his army. Historical data tell us that Alexander's army ran short of food and water and suffered many casualties. Along the way, he lost 12 000 soldiers to the harsh desert conditions.

This is how Abai describes this episode in his poem:

And then they came into an arid desert
(A trial sent Iskander from above),
Their store of water they could not
replenish,
And thirst tormented men and horses both.
Iskander, by this lack of torture,
Like all his men were spent and collapsed.

Throughout the 60-day march through the desert, Alexander lost at least 12,000 soldiers, in addition to countless livestock, camp followers, and most of his baggage train. Some historians say he lost three-quarters of his army to the harsh desert conditions along the way. However, this figure was likely based on exaggerated numbers in his forces prior to the march, which were likely in the range of no fewer than 30,000 soldiers.

The climax of the poem is the moment when Alexander and his army came up to a golden gate and

Pounding on the gate, he shouted:

In a voice so angry it would rouse the dead:
"Unlock that Gate! You hear me? Open!"
Now footsteps sounded on the other side,
It was the keeper, and he answered calmly:
"Through this one gate,
your armies shall not ride.

The way is barred,
for it leads straight to Allah."

These words didn't stop Alexander since he was "the conqueror of the world" and was sure that all doors should be open to him. But the keeper replied: "Subdue your temper, avarice, and ambition, all men like you are not admitted here". Then Alexander asked the keeper for "some trifling token to support the story of this happening". The keeper pushed through chink "something wrapped in cloth". The cloth contained a bone. Aristotle, his teacher, an outstanding philosopher of his time "who had no equal in wisdom" guessed that it was not "an ordinary bit of bone" and said to Iskander:

"It's not an ordinary bit of bone
As you, my King, will soon see for yourself.
We'll weigh this little bone upon the scales,
And gold upon the other dish we'll place."

Then upon one dish, the little bone was paced and on the other gold. But the gold was light and in dismay and wonder Iskander put all the armour on the gold and all his treasures. Still, all his riches couldn't outweigh the magic bone. Then Aristotle took a little earth and threw it on the bone and immediately the dish with it soared up. It was a miraculous scene for Iskander. The secret of miracles was disclosed by Aristotle. He said:

"This is an eye bone.
Men have greedy eyes,
They always crave more land, more gold,
and more wealth.
But when they die the lust is gratified
By one handful of the plainest worth.
The greedy are much troubled
by their eyes.

Abai's poem contains a deep meaning, addressed not only to the bloody conqueror

Iskander, but to the entire human race. This is the edification that while a person is alive, there is no limit to his greed and desires, as soon as he is covered with earth, neither wealth nor glory are needed. Great and unknown, rich and poor, all are equal in the face of death. At all times, when describing the victories of Alexander, historians, writers, and poets who lived in different countries predominantly focused on his achievements, exalting his deeds, and gradually turning him into a legendary hero. They created the image of the great commander, philosopher, prophet, and sage. In many Eastern works about Iskander, the true image of Alexander as a bloody and cruel conqueror was forgotten, and he was glorified as an ideal ruler and great warrior.

The significance and novelty of Abai's poem lie in the fact that he regarded Alexander as a real historical figure since the poet studied not only literary works about Iskander, but also historical materials. For Abai, Iskander was, first and foremost, a merciless conqueror and greedy, avaricious ruler, shedding the blood of innocent people.

Scientists explain this absolutely negative approach of Abai to the image of Alexander as a legendary historical personality is based on the tradition of the steppe peoples to respect the batyrs, the proud fearless defenders of their native lands and people from such conquerors like Alexander was. It was important for the Kazakhs to preserve the image of a batyr who lived among them and was close to them in spirit. However, the idealization of the image of conquering rulers bringing disaster and grief to the people, expelling them from their native lands, and extermination, was alien to them. In addition, he wrote this work in the spirit of critical realism, which at that time began to take hold in Kazakh literature.

All Abai's poems were aimed at the spiritual awakening of the Kazakh people. Abai paid special attention to the education and training of youth. He urged people to learn about the culture of other nations through the works of great writers, poets, philosophers, and scientists. "If you passionately love science and knowledge itself is considered a possession, then it will give you supreme bliss. Then you will fix in your memory what you know and will passionately strive to know what you don't know yet."

Foreign Language
Department senior teachers
B. Issabayeva,
Sh. Gumarova

Ашық суда жүзде жеңімпаз атанды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Елдар Шекербек Астананың 25 жылдығына орай, Қапшағай суқоймасының акваториясында өткен халықаралық «Oceanman Kazakhstan – 2023» ашық суда жүзу жарысында жеңімпаз атанды.

өткен «Oceanman – 2022» халықаралық байқауында 1-орынға ие болып, Азия чемпионы атанған еді. Әлемнің 36 елінен келген 1200 спортшының ішінде ол 1 сағат 10 минутта ашық теңізде бес шақырым жүзіп, ең жақсы нәтижеге қол жеткізді. Биылғы жарыста спортшылар 800 метр, 1,5 шақырым, 5 шақырым және 10 шақырым қашықтықты еңсерді.

«Oceanman» халықаралық жүзу жарыстары теңізде немесе ашық су айдындарында өткізіледі және салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар арасында жыл сайын танымал болып келеді. Oceanman – бұл бірнеше рет өткізілетін біріккен чемпионат жарыстары және жыл сайын әлемнің әртүрлі жерлерінде ұйымдастырылады. Біліктілік жүйесінің ережелеріне сәйкес, әр кезеңнен алғашқы 10 әйел мен 10 ер адам автоматты түрде финалға өтеді.

Елдар Шекербекті тағы бір жеңісімен құттықтаймыз!

Еңлік АҚЖІГІТ



Чемпионатқа әлемнің 20 елінен 7 жастан 70 жасқа дейінгі және одан жоғары сегіз санаттағы жүзуші спортшылар қатысты. Елдар Шекербек жүзу шеберлігін көрсеткен Италия, АҚШ, Катар, Испания, Германия, Грузиядан келген көптеген спортшылармен

танымал болып келеді. Oceanman Kazakhstan – 2023» жарысында әйелдер мен ерлер арасындағы қазақстандық спортшылар үздік нәтижелер көрсетті және жыл соңында Таиландта өтетін финалға қатысады. Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылы Елдар Шекербек Таиландта

Тұрақты өмір салты фестивалі

Қазақстан – Германия университеті мен ЮНЕП таяуда «Тұрақты өмір салты фестивалі: жақсы және жеңіл өмір сүруді үйрену» деген тақырыппен фестиваль ұйымдастырды.

Фестивальдің мақсаты – өңірде тұрақты өмір салты университеттерінің желісін іске қосу. Азия-Тынық мұхиты, Латын Америкасы және Кариб бассейні, сондай-ақ Орталық Азия университеттері арасында озық тәжірибелер және сабақпен алмасу саласындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу. Тұрақты өмір салты призмасы арқылы оқу бағдарламасын, зерттеулер мен инфрақұрылымды жетілдіру бойынша ұсыныстар негізінде Орталық Азиядағы пилоттық жоба барысын ұсыну. Кампусарда тұрақты өмір салтын енгізу бойынша Орталық Азия университеттерінің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын талқылау.

Фестиваль жұмысына Орталық Азия университеттерінің өкілдері мен шетелдік сарап-



шылар, жоғары курс/аспирант студенттері, Орталық Азияның бес елінің білім министрлігі, жеке сектор, мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Басқосуға келгендер университеттердің жетістіктері мен қазіргі жағдайы туралы ақпарат алмасты. Іс-шара тұрақты өмір салты университеттері желісіндегі Орталық Азия университеттерінің фестиваль кезінде

ресми іске қосылуымен өзара іс-қимылын ресімдеуге бағытталған. Фестиваль аясында сонымен бірге Орталық Азия университеттері желісін дамытуда бірлескен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері талқыланды.

Гүлжанат ТАНАБЕКОВА,
Ольга ЗУБОВА,

Тұрақты даму бойынша
ЮНЕСКО кафедрасының
оқытушылары



«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИ БАСЫЛЫМНЫҢ 75 ЖЫЛДЫҒЫНА
ОРАЙ, СТУДЕНТЕРГЕ АРНАЛҒАН

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Байқауды ұйымдастырушы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің «Qazaq universiteti» газеті. Мекенжайы: Алматы қаласы, 050040, Әл-Фараби даңғылы, 71. Ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.

1.2. Конкурсқа өліміздің барлық ЖОО студенттері қатыса алады.

1.3. Үміткерлердің материалдары конкурс жарияланған күннен бастап, 2023 жылдың 1 қазанына дейін қабылданады.

1.4. Конкурсқа келіп түскен материалдарды «Qazaq universiteti» газеті жанынан құрылған әділқазылар алқасы (конкурс комиссиясы) бағалайды.

2. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ШАРТЫ

2.1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» жолдауында белгіленген бастамаларға сәйкес, үміткерлер өз мақалаларында патриотизм, Отанға сүйіспеншілік, білімге құштарлық, мемлекеттік және ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі тақырыбын қамтуы тиіс. Мұндағы мақсат – жастарды өліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтауға тәрбиелеу, халқымыздың тарихы мен дәстүрін дәріптеуге бағыттау, еңбекқорлыққа баулу, студенттердің интеллектуалдық әлеуетін арттыру.

2.2. Конкурсқа арналған материалдар Times New Roman 14 шрифтпен 1 интервалында жазылып, көлемі 1,5 беттен аспауға тиіс. Сапалы суреттерін қоса жіберуге болады. Материалдар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

2.3. Конкурсқа арналған материалдар kaznugazeta@gmail.com электронды поштасына «Qazaq universiteti» газеті жүлдесі үшін конкурсқа» деген айдармен жіберілуі қажет.

3. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

3.1. Конкурс комиссиясының қорытындысы қазан айында шығарылып, жеңімпаздар «Qazaq universiteti» газетінің 75 жылдығына арналған салтанатты шарада марапатталады.

3.2. Конкурс комиссиясының шешіміне сәйкес, үздік деп таңылған материалдардың авторларына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан арнайы диплом мен жүлделер тапсырылады.

3.3. Марапаттау рәсімі өтетін уақыт пен орын қосымша хабарланады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universiteti» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.